



Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1246. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1782 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 30 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Ұлттық патент ведомствосына төрағаның 1 орынбасарын, сондай-ақ 5 адамнан алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 9 қарашадағы
N 1246 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Ұлттық патент ведомствосы орталық
аппаратының
Құрылымы

Өнертабыстары мен пайдалы модельдерді сараптау бөлімі
Тауар белгілері мен өнеркәсіп сараптау бөлімі
Тіркеу және мемлекеттік тізілім бөлімі
Лицензиялар, халықаралық қатынастар және құқық бөлімі
Жарнама-баспа және АИПС-ты енгізу бөлімі

Жалпы бөлім

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК